Қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы мөлшерлемелерінің артуы туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы мәслихатының 2018 жылғы 2 наурыздағы № 245 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 27 наурызда № 7622 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 2025 жылғы 18 сәуірдегі № 213 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 18.04.2025 № 213 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы мәслихатының 20.04.2022 № 171 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 576-бабына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қостанай облысы мәслихатының 20.04.2022 № 171 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Алынып тасталды - Қостанай облысы мәслихатының 13.12.2019 № 452 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Салық кодексінің 576-бабымен белгіленген Қостанай облысы бойынша төлемақы мөлшерлемелері көрсетілген баптың 3-тармағында белгіленген мөлшерлемелерді қоспағанда, екі есеге көтерілсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы мәслихатының 20.04.2022 № 171 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қостанай облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы *И. Дмитриева*

Қостанай облыстық мәслихатының хатшысы *С. Ещанов*

КЕЛІСІЛДІ

"Қостанай облысы әкімдігінің

қаржы басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы
_____ А. Жусупова
КЕЛІСІЛДІ
"Қостанай облысы әкімдігінің табиғи
ресурстар және табиғат пайдалануды
реттеу басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы
_____ М. Шайымов
КЕЛІСІЛДІ
"Қостанай облысы әкімдігінің
экономика және бюджеттік жоспарлау
басқармасы" мемлекеттік мекемесінің
басшысы міндетін уақытша атқарушы
_____ Б. Есенгулов

Мәслихаттың
2018 жылғы 2 наурыздағы
№ 245 шешіміне қосымша

Қостанай облыстық мәслихатының күші жойылды деп танылған шешімдерінің тізбесі

1. Қостанай облысы мәслихатының 2009 жылғы 20 қарашадағы № 233 шешімі "Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3697 болып тіркелді, 2009 жылғы 23 желтоқсанда "Қостанай таңы" және " Костанайские новости" газеттерінде жарияланды).

2. Қостанай облысы мәслихатының 2011 жылғы 15 наурыздағы № 375 " Мәслихаттың 2009 жылғы 20 қарашадағы № 233 "Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалары туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3755 болып тіркелді, 2011 жылғы 5 сәуірде "Қостанай таңы" газетінде жарияланды).

3. Қостанай облысы мәслихатының 2015 жылғы 17 наурыздағы № 385 " Мәслихаттың 2009 жылғы 20 қарашадағы № 233 "Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалары туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5497 болып тіркелді, 2015 жылғы 14 сәуірде "Костанайские новости" газетінде жарияланды).

4. Қостанай облысы мәслихатының 2017 жылғы 10 ақпандағы № 113 " Мәслихаттың 2009 жылғы 20 қарашадағы № 233 "Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 6917 болып

тіркелді, 2017 жылғы 28 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК